



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

жатқан достарына қарап, күлімсіреп:

– Мен әлі бәріңе де хат жазып тұрамын,- деді. Есікбай арбаның артына жабысып ап оны бірталай жерге дейін шығарып салды. Арбадан түсіп қап, қара жолдың үстінде сексиіп ұзақ тұрды. Ол көңілсіз еді.

Аянның достары оны бірталай уақытқа дейін сөз қылып жүрді. Еске алды. Оның айтқан ертегілерін бір-бірлеріне қайталай айтып, көңіл көкжиектерінен өшіргісі де, ұмытқысы да келмеді.

КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Аян – қоңырқай жүзі тершіп, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашы бар. Ешкіммен төбелесіп, сөзге келмейді. Әңгімеде өжет, қайсар, зерек, өте ақ көңіл, мейірімді, ақылды және де жетім бала болып суреттеледі. Тобығын шығарып алып, сол аяғын сүйретіп жүретін, шілбиген ақсақ қара бала. Өз ойынан балаларды таңғалдыратын ертегілер шығарады. Өте мейірімді бала. Сонымен қатар өте тапқыр, ақылды, білімді, зерек бала.

Садық – Аянның досы. Ауылда "бірінші атаман" атанған.

Есікбай – сидаң бойлы, қол-аяғы қара қайыстай қатқан ұзын, жүгіргенде алдына жан салмайтын, өзі төбелесқор, сотқар бала. Кейде қараптан-қарап келе жатып әркімге бір ұрынатын жаман әдеті бар. Әлі жеткенді аяқтан шалып қап, болмаса басынан тоқай алып жылатып жіберетін. Аян алғаш рет келген кезде, Аянмен төбелесіп, одан жеңіліп қалған еді.

Бапай – әжесінің тумаласы. Аянның әжесі қайтыс болғанда, Аянды асырап алған. Әйелі екеуі Аянға дұрыс күтім бермеген.

Тұржан – өте қатал, ауылдың бригадирі, аса қатыгез, мейірімсіз адам, жағымсыз кейіпкер

Иманжанов – Аян мен ауыл балаларының ұстазы.

Сайын Мұратбеков – ақкөңіл, мейірімді, Аянның жақын досы.

Жинақтай айтқанда, қара сөздің қас шебері Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі – соғыс тұсындағы ауыл өмірінің тынысын терең танытқан кесек шығарма, лирикалық прозаның көркем үлгісі.

Қолданылған әдебиеттер

1. С. Мұратбеков. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 397 бет.
2. Р. Тұрысбек, Қ. Байтанасова. «Қазіргі әдебиет» оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2015. – 388 бет.
3. Р. Сыздықова «Сөз құдіреті». – Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2014. – 296 бет.

ОӘК 821.512.122

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕЛІ

Құрманбаева Айжан Пердебекқызы

aizhan_94_k@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының

3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор А.Үсен

Адам баласы жастайынан дүниені танып білуге талпынып, заттар мен құбылыстар жайында білім жинақтайды, айналаны танып білуге құмартады. Өсе келе “дүние неге бұлай жаратылғандығы”, “адамның өсуі мен өлімінің сыры” жайында сұрақтар қоя бастайды. Міне, осы сияқты сұрақтарды білуі үшін оның дүниеге деген кең көлемдегі көзқарасы пайда болады.

Адамзаттың өткен дәуірі, қоршаған ортаға көзқарасы, ой-санасының айғағы мифтер

мен мифтік аңыздар түрінде там-тұмдап болса да бізге жетіп отыр. Сан ғасырлар бойы «миф», «мифология» сананың әлі толық жетілмеген біртұтас ең көне формасы ретінде танылып, әлем зерттеулерінде жан-жақты сараланып, ғалымдардың жүйелі пікірлері пайда болды.

Ғалым А.Қасымжанов «Мифология – барлық халықта өткен адамзат сана-сезімінің алғашқы тарихи формасы... Тұрпайы көзқарас ықпалынан өту кезеңінде ғылым адамзат дүниесіне мифология деп аталатын ауқымды әрі жан-жақты құбылысты алып келді. Бұл – әлем халықтарына түгел қатысты адамзат санасының өте ерекше қабаты. Бұл қабат қазақ халқының рухани мұрасында ерекше байқалады, оның іздері фольклорда, ескі аңыз-әңгімелерде, тілде сақталған», - дейді. [1;6]. Ал белгілі қазақ мифологиясының зерттеушісі С.Қондыбай «миф» деген сөздің бір-біріне кереғар екі түрлі мағынада қолданылатынын айта келіп, оның бірі «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған, қиял» мағынасында берілетіні, ал шындығында, «миф» деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге карама-қарсы екендігін былайша дәлелдейді:

«Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте (жертарапта), нақты бір саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының (социумның) өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда, «түсіндім» деген стереотипі», - деген пікірді алға тартады [2;15].

Мифтер мен мифтік аңыздар тек тарихи-рухани мұра ретінде жас ұрпақтың санасына ұялап қана қоймай, мифологиялық кейіпкерлер түрлі халықтардың мәдениетіне, сурет-мүсін өнеріне енді. Сондай-ақ, жазба әдебиетте көркемдік тәсіл ретінде қолданылып, жазушылардың тыңнан образ бен сюжет жасауының негізі бола білді. Әлемдік жазба әдебиеттің мифке ара-қатынасы сипаттары әртүрлі жүйеленеді. Қазақ әдебиетінің де мифпен қарым-қатынасының өзіндік ерекшелігі бар.

Соңғы жылдардағы әдебиеттану саласындағы еңбектерде әдеби туындылардағы мифтің пайдаланылу жолдарына әр түрлі классификация жасалды. Бұл саладағы ғалымдар еңбегіне сүйене отырып Низамидинов Д.Н. қазіргі әдебиеттегі мифологизм формаларын төмендегідей үш түрге топтастырады:

Бірінші: дәстүрлі мифтік желілер(сюжет) мен бейнелерді (образ) пайдалану. Осы бірінші форманың өзі әдеби туындыларда екі түрлі сипатта көрінеді:

а) дәстүрлі мифтік желілер мен бейнелерді түсіндіру, талдау(интерпретация).

ә) дәстүрлі мифтік желілер мен бейнелерді өзгерту, ауыстыру(трансформациялау).

Қазіргі әдебиеттегі мифологизмнің **екінші** жолы авторлық мифтердің шығарылуы. Мұнда жазушы ежелгі ритуалды – мифологиялық текстер құрылымына сүйене отырып, өзіндік дара мифологем жүйесін түзеді.

Мифтің қазіргі әдебиеттегі ерекше **үшінші** формасы – мифологиялық стильдендіру. Бұл туралы алғаш ой айтқан Я.Э.Голосовкер: «Әңгімелеуді мифтендіргенде автор мифтен бастау алған метафора, теңеулерді нысанаға алмайды, бірақ, оларды белсенді түре пайдаланады, бұлар текстің негізгі түсіндіруші компоненті болып қалады,» - дейді.

Мифологиялық метафораларды өзгертпей өз қалпымен пайдалану оны көркем текстің бір компоненті ретінде қарау – мифологиялық стиль сипаты [3].

Қазақ әдебиетінің классикалық үлгілері қатарына қосылған небір жауһар туындылар калдырып кеткен Оралхан Бөкей прозасындағы мифологиялық қолданыстарда дәстүрлі мифологиялық желілердің мифке тән емес контекстке ену сипаты бар.

Оралхан шығармаларының ерекшелігі сол, ол өз кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі, олардың ішкі әлеміне, жан-дүниесіне көбірек үңілуінде және олардың ой-толғаныстарының көбін табиғат суретімен араластырып, астастырып бейнелеуінде. Оралхан туындыларын зерделегенде, оның табиғат пен адам проблемаларын негізгі арқау етіп алғанын, олардың арасындағы байланысты ашу үшін мифтік бейнелеулерді, мифтік желілерді өте мол қолданғанын аңғарамыз. Қаламгер табиғат құбылыстарына байланысты мифопоэтикалық

ойлау дәстүрін жеке авторлық тәсілмен өзгеріске ұшыратып, шығармадағы эмоционалды-экспрессивтік мәнді арттыра түскенін байқаймыз.

Оралхан назарына жиі ілігетін ай, күн, тау, кең дала, жел, сылдырап аққан су, табиғат құбылыстары, бәрі-бәрі мифтік сипат алып отырады. Шығарманың мазмұнын ашуы, кейіпкердің психологиялық күйін көрсетуі, оқиғаның оқырманға әсерлі жетуі үшін жазушы аталған табиғат бөліктерін жандандырып, енді бірде адамға сай сезім, мінез-құлық дарытып суреттеуі жиі ұшырасады. Бұл тұрғыда ғалымдардың алғашқы мифтік санада рух пен табиғаттың теңдікте, бірлікте танылғаны, әлемдегі жанды және жансыз, өлі мен тірі нәрсені анық жіктемеуден **анимизмнің**, яғни дүниедегі нәрсенің бәрінің жаны бар деген сенімді туғызғандығы туралы пікірін айта кеткеніміз жөн [4;75].

Әсіресе, О.Бөкей шығармаларында күн мен айдың суреттелуінен көне анимистік сенім елесін мол көреміз. Қаламгердің шығармаларында Айдың суреттелуі, оның мифтік мазмұны бөлекше. О.Бөкей шығармаларында Айды ерекше қасиет тұту сенімінің елесі бар. Сонымен бірге, айды адамға тән мінез –құлық, іс-әрекетпен бейнелегенде анимизм негізінде кейіптеу тәсілін қолданады.

«Сайтан көпір» повесінде көкке телміріп, дәрменсіз жатқан Аспанға (кейіпкер) Ай сәулесі жарылқаушы нұрдай әсер етеді. Бірде « Ай жарығы оның көк аязданған көңіліне сәуле жүгіртіп, жанына жарылқаушы нұр болып тарайды», «Ай аспан әлемінде сылана жүзеді», енді бірде «Ай екеш ай да бір орнынан тапжылмай бедірейіп тұрып алғандай» болады. Айды суреттегенде оған жан бітіріп, саналы әрекет иесіне айналдыру «Сайтан көпір» повесінде кейіпкер Аспан болмысымен үндесіп, оның ішкі жан-дүниесіндегі құбылыстармен айдың іс-әрекеті де бірдей өріледі [5;35].

Айды адамға тән мінезбен көрсету қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романында да кездеседі. «Ай да толықсып, Сарыөзек даласының үстіне ерекше бір пейілі түсіп, бозғылт сәулесін еселеп себелегендей болды», -деп айдың мейірімді әрекетін суреттейді. Жазушы «Найман-Ана» туралы аңызда Найман-Ана мен баласы Жоламан арасында:

- Кіммен сөйлескің келеді?

-Аймен. Бірақ біз бір-бірімізді естімейміз. Айда біреу отыр,-деген диалог өзара өрбіп отырады [6]. Жоламанның осы сөздері, де Оралханның Ай мен Аспанның (кейіпкер) күйін астастыра суреттеуі де Айды жанды болмыс секілді көрсетеді. Айда жан бар деп есептеу арғы-бергі мифтерде көптеп кездеседі. Ғалым Ш.Ыбыраев «Ай мен Күнді сұлу, егіз қыз, апалы-сіңлілі қыздар, қыз бен жігіт бейнесінде баяндайтын мифтердің де маңыздылығы сондай, Күн (соларлық мифтер), Ай (лунарлық мифтер), жұлдыз(астралдық мифтер) туралы мифтің жеке-жеке түрлері ретінде арнайы ғылыми атаулар қалыптасқан. Соған сәйкес бұлар туралы қым-қиғаш теориялық тұжырымдар да жетерлік.

Бұл тақырыптағы мифтердің басты өзгешелігі және көнелік сипаты – аспан денелерінің бір замандарда адам болғандығы және олардың белгілі бір себептермен (кейде тіпті себепсіз) Айға, Күнге, Жұлдыздарға айналғандығы», -деген пікірді айтады[7;3-4]. Зерттеушілер пікірінше Күн, Ай, жұлдыздар мен планеталар туралы айтылатын мифтер – ең қарапайым, әрі ең көне мифтер қатарына жатады. Бізге жеткен мифтер бойынша Ай мен Күн асқан сұлу қыздар немесе Ай жердегі жетім қыздың сезімін оятқан жігіт бейнесінде, енді бір мифтерде Күн мен Ай сезімі жарасқан ғашықтар ретінде көрінеді [7;12-21].

«Қазақ мифтерінің тағы бір ең байырғы түрлерінің бірі – жан-жануарлардың (өсімдіктер) қалай пайда болғандығы туралы айтылатын түрлері. Бұлардың дені адамдарға да қатысты. Әсіресе, бір кездегі адамдардың жан-жануарларға, жәндіктерге, құстарға немесе олардың адамға айналғандығы жайында мифтер өзінің қарабайырлығымен ғана емес, логикалық-құрылымдық жүйесінің де біртектестігімен де ерекшеленеді. Адам мен жан-жануарлардың, адам мен табиғат құбылыстарының, жалпы жанды мен жансыздың арасына айтарлықтай шек қоймайтын есте жоқ ескі бір ой-сананың нәтижесінде пайда болған бұл ұғымдардың астарында адамның өзін де, өзгені де жыға тани алмайтын кезеңі тұр. Мұндай ойлаудың айшықты бір көрінісі – адамдардың алғашқы ата-бабаларын жан-жануарлардан

тарататын **тотемдік** түсінігімен байланысты»[7;6]. Осы тотемдік мифтік желідегі түсінік Оралхан Бөкейдің «Кербұғы» әңгімесінің көркемделуінің негізгі жетекшісі секілді. Табиғаттың бір бөлшегі жануарларды атпауды, табиғат ананың әрбір бөлшегін аялауды дәріптейтін жазушы әңгімесі асқан шеберлікпен жазылған. Әңгімеде кербұғы адам кейпіне енеді. Оқырман көңіліне ақылы әбден толысқан, асарын асап, жасарын жасаған қарияның күйініш-сүйініші суреттеліп жатқандай әсер қалдырады. Ол да адам баласы секілді өзіне ыстық мекенін аңсайды. «Аппақ шоқы Кербұғының ақшағыл арманы сияқтанатын: сағынатын, көксейтін, әйтеуір түбінде бір тұяғы ілінетініне сенетін» [8;15-16]. Кербұғының, жануардың күйі туған топыраққа аңсары ауған, сағынысқан жанның аңсар сезіміндей кейіптеліп, жазушы қаламына ілігеді.

Сол секілді Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повесінде ертегі, трагедия, фантастика жанрларының барлығы дерлік көркемдік тәсіл ретінде қолданылуымен қоса, мифтік желінің, оның ішінде тотемдік түсінік негізіндегі мифтің қолданыс тапқанын көреміз.

Жазушының «Ақ кеме» повесі көркемдік-философиялық психологиямен өрілген көлемді туынды деуімізге болады. Үлкендердің зұлым әрекеттерінен жеріген, әкесінің алақанын аңсаған кішкентай бала Ыстықкөлде жүзген ақ кеме ішіндегі әкесіне жетуді армандайды. Ол балыққа айналғысы келеді. Балыққа айналған жағдайда ғана ол ақ кемеге жетеді. Жазушы шеберлігі баланы балыққа айналдыру арқылы адам жанының жануар-жәндікке енуі туралы мифті тірілтендей болады [9;163-292].

Жоғарыда атап өткеніміздей, көне мифтердің желісі адамның аңға айналуы мен қоса, құсқа немесе құстың адамға айналуы жайлы да сыр шертіп отырады. Бүгінде шығармаларында мифтік сюжеттерді жаңа қырынан сәтті пайдалана білетін А.Кемелбаева «Қоңырқаз» әңгімесінде архаикалық мифті трансформациялаудың тамаша үлгісін көрсетіп, өз идеясын тамаша көркемдік қуатпен көрсете білген. Миф пен ертегінің, сондай-ақ әңгіменің ұштасуы арқылы фантастикалық антропологияны жасап шығарады. Автор бұл жерде құс мүсіндерін көркемдік деталь ретінде алып отырғанымен, артынша бірден символдық рәмізге айналдырады. Хорлан қызды қанатты құсқа айналдырады [10;3-16]. Жазушының осы шешімі адамның қарғыстың немесе киенің әсерінен құсқа айналуы жайындағы ежелгі мифтерді еске түсіреді.

Әдебиетке жасындай жарқ етіп келген Оралханның әрбір кейіпкері жаманды-жақсылы әрекеттерімен адамды ізгілікке бастайды. Оның «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» Оралы, «Өліарадағы» Қойшысы, «Елең-алаңдағы» Зарлығы, «Құм мінезіндегі» Барханы, «Мұзтаудағы» Ақтаны, «Атау-кересіндегі» Ерігі, Айшасы, Тағанының ішкі күйі, сезімі, болмысы, брі-бәрі табиғатпен әсерлі байланыстырыла суреттелген. Жазушы өз туындыларында тек табиғатпен байланыстыра көркемдеп қоймай, мифтік қолданыстарды пайдаланып, өзінің тың ізденісімен оқырманын баурай алды. Заманның заңғар жазушысы, «Адамзаттың Айтматовы» да өзінің шығармаларын жәй баяндаудан құрмай, кейіпкерлерінің тағдырының қалтарыс-бұлтарысын ғасырлар қойнауынан келе жатқан, ежелгі мифтермен кестелеп, өрнектеп оқырман талғамын ұлғайта алды. Қазақ әдебиетінде өзіндік тың ізденістерімен келген А.Кемелбаеваның туындыларынан әлемнің мифологиясын терең меңгеріп қана қоймай, шығармаларының өзегін көрсетуде иірімін таба пайдалана алғандығының жиі куәсі боламыз.

Қаламының табы, сөзінің қуаты бар үш жазушының да туындыларындағы мифтік қолданыстар жазушының көркемдік-танымдық, стильдік-даралық, интеллектуалды-эстетикалық қасиеттерін барынша ашады.

Қолданылған әдебиет

1. Аймұхамбет Ж. Миф және қазіргі әдебиет. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2012. – 304бет.
2. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568бет.
3. Аймұхамбетова Ж. Миф дүниесі және көркемдік әлем: Оралхан Бөкей

прозасындағы мифологизм. – Астана, 2004.

4. Қаскабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер.- Астана: Аударма, 2002.- 584б.
5. Бөкей О. Шығармалары. Повестер. 3-том. – Алматы: «Ел-шежіре», -2013.
6. Айтматов Ш. Боранды бекет : роман; Құс жолы : хикаят - Астана: Аударма, 2011.- 452 бет.
7. Қазақтың мифтік әңгімелері. «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 320бет.
8. Бөкей О. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. – Алматы: Атамұра, 2003. – 204-бет.
9. Айтматов Ш. Ақ кеме. Повестер. – Алматы: Атамұра, 2005.-368бет.
10. Кемелбаева А. Тобылғысай. Повесть және әңгімелер. – Астана: Елорда, 2001.- 120бет.

ОӘК 821.512.122.09:94(48).038

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫ

Мырза Малика Серікқызы

m.myrzaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің
Филология: қазақ тілі тобының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Л.Серғазы

1. «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян бейнесі –соғыс жылдарындағы балалар өмірінің шындығы.

Өзіндік өрнек пен жаңа соқпақ үлгілері жазушының кез келген туындысында сайрап жатыр. Тіл тазалығы, ой тұнықтығы, өмір құбылысын зерделеп ұғуы, адам жанының нәзік иірімдерін дөп басып, дәл түйсінуі, сөйлем құрылысындағы жинақылық пен ой оралымдылығы оқырманды баурап алып, өз тұңғығына жетелеп әкететін қасиеті жазушы шеберлігін танытса керек. Сайын Мұратбеков әңгімелерінде өмір жатыр, өмірдің қатпар-қатпар қойнаулары жатыр, сол өмір қозғалысындағы адам тағдырлары жатыр. Адам тағдырлары арқылы уақыт бедерін сезінесің, заман ағымын көресің.

Айталық, бүгінде орта буын санатын енген, әдебиетімізге елуінші жылдардың соңын ала, алпысыншы жылдардың бас кезінде имене енген ақын-жазушылардың біразы Ұлы Отан соғысының тауқыметін бастан өткеріп өскендер екен. Жазушы Сайын Мұратбеков те бар балалық балауса кезі – бұла шағы Ұлы Отан соғысының отты жылдарына тап келіп, тар кезеңдегі тағдырдың татымсыз талқанын ерте татқан буынның өкілі. Ол, атап айтқанда, отызыншы-қырқыншы жылдардың рухани атмосферасына тән материалдық жұтандыққа жүйкесін жұқартпай, қайта керісінше, моральдық байлықты мұрат тұтқан, тазалықты, адалдықты, темірдей тәртіпті, коллектившілдікті, қоғамдық мүддені ту етіп ұстаған, социалистік қоғамның жарқын болашағына деген зор сеніммен, асқақ идеямен күн кешкен аға ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін алғанын қашан да мақтаныш етуге тиіс деп ойлаймыз.

«Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрөте жүгіретін, шілбиген арық, ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, есі қалмай далбақтай жүгіріп келе жатқан. Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», - деген жалынышты үнін естимін» - деп басталатын «Жусан иісі» әңгімесінде лирикалық интонация қаншалық мол болса, тұрмыс тауқыметіне қатысты сынау сарыны да үстем. Өлшеусіз қасірет әкелген соғыс топанына лағнет айту – негізгі идеялық лейтмотив болғанымен, жекелеген әлсіз, панасыз жандардың жазықсыз жәбір-жана көруіне себепкер ниеті бұзық адамдар да соншалық дәрежеде үнсіз айыпталады. Әкеден де, анадан да, әжеден де кінәсіз айырылған сәби Аянға деген тағдырдың қаталдығы шексіз. Кішкене Аяның өмір соққыларына қайыспай қарсы тұрғысы келетін тәкаппар қайсарлығы сүйінішті.